



ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Дайындаған: Л. Жуманова
“Қайнар орта мектебі
мектепке дейінгі шағын
орталықпен “ КММ



Шаттык шаңбары



Қайырлы күн, жер ана,
Қайырлы күн ,көк аспан
Қайырлы күн, маған
Қайырлы күн, саған
Қайырлы күн, әріптестер



- Сіздер бір-бірлеріңіздің қолдарыңыздан ұстап тұрғанда не сезіп тұрсыздар? -Жылулық.

-Ендеше осы жылуымызды , бір-бірімізге сыйлайық.

(Тілектер: Мен саған *бақыт* тілеймін т.б.) **5 минут**





«Танымның үш жолы бар: ең оңайы – еліктеу, ең ащысы – тәжірибе, ең мәртебелісі – ойлау» - деген екен Конфуций.



Ой толғаныс

«Көшбасшы» деген кім?

Көшбасшылық қабілеттің өлшемдері қандай?

Көшбасшы қандай жеке қасиеттерімен ерекшеленеді?

Оларға қоғамның көзқарасы қандай?


Көшбасшылық қасиеттердің жағымды және келеңсіз жағы қандай?




Ой толғаньыс



- Көшбасшылықта мұғалім мен оқушының рөлі қандай?*







MR 5E:01 P105\01H 50\03\2014





- **Мұғалімнің көшбасшылығы** тек білім берумен ғана шектелмей, ол кез-келген істің басында белсенділік танытып ұйымдастыру шеберлігінің мықты болуы. **Көшбасшылық** жасау ол көбінесе талантты және дарынды балалардың бойынан табылатын қасиет. Кейбіреулері өзінің бойындағы қасиеттің барын аңғармайды. Сондай қасиеттерді аша білу мұғалімнің басты міндеттерінің бірі деп ойлай білемін. Мұғалім жай ғана оқытушы емес , ол сонымен қатар өзінің сабақ беріп жүрген сыныптарының алдында **көшбасшы** бола білу қажет. Яғни әрбір ұстаз осы атауға лайық болуы тиісті және өзінің алдында отырған оқушыларды басқара білуі қажет. Сонымен қатар олардың әрбір жұмыстарын қадағалап, олардың пікірін тыңдай отырып айтқан пікірлеріне тиісті бағаларын беріп, олардың өз идеяларын ашып айта алатын, сабақ барысында өзін еркін ұстай білуге мүмкіндік жасай білуі керек.



• **Тест: "Сіз көшбасшы бола аласыз ба?"**

- 1. Бала кезіңізде үлкеннің тілін алу мен өзгеге бағыну сіз үшін ауыр болды ма?
- *Иә (10 ұпай)*
- *Есімде жоқ, білмеймін (5 ұпай)*
- *Жоқ (0 ұпай)*
- 2. «**Ғылым мен мәдениеттегі жетістіктерге тек билік ете алатын жандар ғана қол жеткізе алады**» деген пікірмен келісесіз бе?
- *Иә, әрине (10 ұпай)*
- *Білмеймін, бәлкім, солай шығар (5 ұпай)*
- *Жоқ, келіспеймін (0 ұпай)*
- 3. «**Нағыз ер-азамат әйел затын өз талаптары мен заңдарына бағындыра білу керек**» деген ойға көзқарасыңыз?
- *Өте дұрыс (10 ұпай)*
- *Нақты айта алмаймын (5 ұпай)*
- *Дұрыс емес (0 ұпай)*
- 4. Жақын жандарыңыздың асты-үстіңізге түсіп, еркелеткендігі сізге ұнайды ма?
- *Иә, оған еш қарсылығым жоқ (10 ұпай)*
- *Кейде-кейде (5 ұпай)*
- *Шынымды айтсам, ұнамайды (0 ұпай)*
- 5. «**Әйел заты көнбіс болу керек**» деген пікірмен келісесіз бе?
- *Иә, әрине (10 ұпай)*
- *Білмеймін, бәлкім, солай шығар (5 ұпай)*
- *Жоқ, келіспеймін (0 ұпай)*
- 6. «**Мені қоршаған жандардың жағдайын жақсарту үшін мойныма көп дүниені жүктеп алдым. Алайда, мұны біреу білсе, біреу білмес**». Сізге таныс жағдай ма?
- *Иә, дәл қазіргі менің жағдайым (10 ұпай)*
- *Таныс жағдай, тек мұны барлығы білуге тиісті емес (5 ұпай)*
- *Жоқ, мұндай жағдайға ұшыраған емеспін (0 ұпай)*

- 7. «**Мықты адам**» деген теңеуге сай келетін жан көшбасшы бола алады» деген пікірмен келісесіз бе?
- *Иә, әрине (10 ұпай)*
- *Білмеймін, бәлкім, солай шығар (5 ұпай)*
- *Жоқ, келіспеймін (0 ұпай)*
- 8. Оңтайлы нәтижені тез табу керек болатын кейбір жағдайларда шешімді тез қабылдайсыз ба?
- *Иә, тез табуға тырысамын (10 ұпай)*
- *Нақты айта алмаймын (5 ұпай)*
- *Жоқ, шешімді бірден қабылдай алмаймын (0 ұпай)*
- 9. Мен өзгелерді өзіме бағындырып, билік ете аламын
- *Иә, әрине (10 ұпай)*
- *Білмеймін, бәлкім, солай шығар (5 ұпай)*
- *Жоқ, билік ете алмаймын (0 ұпай)*
- 10. Ешкімнің алдында ашылып сөйлеп, өзімді толық көрсеткім келмейді
- *Иә (10 ұпай)*
- *Білмеймін, әр кезде әр қалай (5 ұпай)*
- *Жоқ (0 ұпай)*


- 11. Мен беймаза, тыныш өмірді армандаймын
- *Иә, іште жатқан сондай арманым бар (10 ұпай)*
- *Білмеймін, ол туралы ойланбаппын (5 ұпай)*
- *Менің ондай арманым жоқ (0 ұпай)*
- 12. Бағынышты адам бастығының кез келген тапсырмасын орындай білуі керек
- *Иә, әрине (10 ұпай)*
- *Білмеймін, бәлкім, солай шығар (5 ұпай)*
- *Жоқ, келіспеймін (0 ұпай)*
- 13. Жақын жандармен тілдескен кезде, әсіресе, олардан өтініш-жәрдем сұраған іштей бір қарсылықтың тұрғанын сеземін
- *Иә, мұндай сезімдер менде жиі болады (10 ұпай)*
- *Білмеймін, аса мән бермеппін (5 ұпай)*
- *Жоқ, мұндай сезімде болған емеспін (0 ұпай)*
- 14. Менен өзгелер түсінік сұрап, ақталуымды талап етеді.
- *Иә, онсыз да түсінікті дүниелерді қайта сұрап жатады (10 ұпай)*
- *Білмеймін, байқамаған екенмін (5 ұпай)*
- *Жоқ (0 ұпай)*
- 15. Менің мінезім үйіміздің тірегі әкемнің/анамның мінезіне ұқсас
- *Иә (10 ұпай)*
- *Білмеймін (5 ұпай)*
- *Жоқ (0 ұпай)*

Тест нәтижесі

150-100 ұпай: Сіз өктем жансыз. Сіз үшін алынбайтын қамал жоқ. Кез келген жағдайдың оңтайлы шешімін таба аласыз. Өзгені өзіңізге бағындыра аласыз. Басшы болуға лайықты жансыз.

99-50 ұпай: «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген мақалмен өмір сүресіз. Барлығын ақылға салып, сабырлықты серік етесіз. Сіз басшылық ете аласыз, сондай-ақ, берген тапсырманы тыңғылықты орындайсыз.

49-0 ұпай: Сіз өте көнбіс жансыз. Өз күшіңізге өзіңіз сенбейсіз. Алайда, сіз оңтайлы шешім қабылдай аласыз. Өзгеден үлгі алып, мінез-құлқыңызды өзгертуге тырысып бағасыз.





**Алдыңғы қатарлардан
көрініңіз**

**Комплимент
жасаңыз**

Қымбат киім

Көшбасшы бол!

**Сәттіліктерді еске
алыңыз**

**Шапшаң
қимылдаңыз**



Көшбасшы бол!

Қымбат киім: Мәселе ондаған көйлек, белдемшелерді күнде ауыстырып тұруда емес. Бірнеше ғана қымбат, өте сапалы, брендті киім сатып алыңыз. Сәнді де қымбат киім әр уықытта өзіңізге деген сенімділігіңізді жоғарлатып, басақалардың да көзқарасын өзгертеді.

Шапшаң қимылдаңыз: Таңмен жұмысқа еріксіз барып, жұмыстағы бөлмеңізге жетемін дегенше жолдағы қыздардың бәрімен амандасып, ас бөлмеге кіріп, шәй ішіп, жолда жүріп айнаға қарап жүресіз бе? Сіздің жарты жұмыс күніңіз осындай істермен өтіп, жұмысыңыз бітпей қалатын болар. Өзіңізді алдаңыз: ылғи асығыс болыңыз. Кабинеттен кабинетке жүгіріп, түскі асқа жүгіріп келіп, басшылығыңызға өзіңізді еңбекқор, өзіне сенімді, бәрін үлгеретін, мақсатына жете білетін етіп көрсетіңіз.

Сәттіліктерді еске алыңыз: Өткен сәтсіздіктер болашақта өз күшіңізге сеніуіңізге бөгет бола алады. Сондықтан бастан өткен сәттіліктерді ылғи есте сақтап, өзіңізді мақтаңыз. Одан да биік белестерді бағындыру ендігі мақсатыңыз болсын.

Комплимент жасаңыз: Кеңседегі әріптестеріңізге комплимент жасау арқылы сіз өзіңіздің де, олардың да көңілін көтеріп, кеңседе жылы, жайлы жағдай орнатасыз. Көпшіліктің көңілінен шыққан адамға жұмыс жасауда ешкім бөгет жасамай, керсінше көмектесе алады.

Алдыңғы қатарлардан көрініңіз: Жұмыстағы жиналыс, кездесу, корпоративті отырыстарда алдыңғы орындарға отырып, белсенділік көрсетіңіз

Сергіту

Қане, сапты түзейік,
Тіземізді бүгейік.

Ыршып алға түсейік,
Ыршып артқа түсейік.

Көбелекше ұшамыз,
Отырамыз, тұрамыз.
Сергітуге мың алғыс!





Рефлексия








1. Ақ -цифралар , фактілер және мәліметтерді таза күйінде беру.
- 2.Қызыл- ішкі сезім, эмоция, сезінулер.
- 3.Тұман –негативті ойлау.
- 4.Сары –күн –оптимизм , позитив, конструктивті ұсыныстар.
- 5.Жасыл- дала- жаңа идея, креативті ойлар, шығармашылық ойлар .
6. Көк аспан – жоғарғы деңгейдегі көзқарас.









*Бүгінгі коучингке
қатысқандарыңызға
рахмет!*

Thank You !

**Благодарю
за внимание!**

